

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ САҚТАЛУЫ

КОМПАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ-НЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ НЕГІЗІНДЕ ҚАБЫЛДАНҒАН. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ МАҚСАТТАРЫ — КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ, БАСҚАРУ АШЫҚТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ТИІСТІ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ СТАНДАРТТАРЫНА ҰСТАНЫМДЫЛЫҚТЫ РАСТАУ.

Компанияда Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуына жүргізілген талдау, есепті жылы Компанияға қолданылатын барлық ережелердің толық көлемде сақталғанын көрсетті. 2024 жылға арналған Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеппен [мына сілтеме](#) арқылы танысуға болады.

